

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2026 жылғы 18 маусымдағы № ДС-212

**Құрметті депутаттар!**

Балаларға арналған қазақ тіліндегі сапалы контентті дамыту мәселесіне қатысты депутаттық сауалды қарастыра отырып, төмендегіні хабарлаймыз.

*Қазақ тіліндегі сапалы цифрлық контентті дамыту бойынша*

Менің төрағалығыммен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) 2026 жылғы 16 маусымдағы отырысында оқу-ағарту жүйесіндегі мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіру, 2023-2029 жылдарға арналған Тіл саясаты тұжырымдамасын жүзеге асыру шеңберінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және қазақ тіліндегі контент үлесін арттыру мәселелері қаралып, тиісті мемлекеттік органдарға тапсырма берілді.

Мемлекеттік тілдегі ақпарат пен сапалы контентке деген сұраныс тұрақты түрде артып келеді. Әсіресе жастар арасында қазақ тіліндегі цифрлық контентті тұтыну көлемінің қарқынды өсуі байқалады.

*Анықтама: БАҚ-тағы қазақ тіліндегі онлайн-контенттің үлесі 78%, интернет-ресурстардың үлесі 60%, отандық телевизиялық өнімдердің 70%-дан астамы мемлекеттік тілде.*

Сонымен қатар Комиссия тарапынан әр жас санатына арналған лексика-грамматикалық минимумдарды әзірлеп, бекітуді, оларды тиімді меңгеруді қамтамасыз ететін заманауи цифрлық құралдарды енгізу, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тіл саясаты талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған бірқатар міндеттер жүктелді. Атап айтқанда, отандық кино өнімдерін прокатқа шығару кезінде тілдік нормалардың сақталуын күшейту, ақпарат құралдарындағы тіл тазалығына, стиль мәдениетіне және тілдік әдеп талаптарына ерекше көңіл бөлу тапсырылды.

Осыған байланысты Үкімет тарапынан қазақ тіліндегі цифрлық контентті дамытуға бағытталған кешенді шаралар қабылдануда.

*Жасөспірімдердің интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша:*

Балаларды цифрлық ортада қорғау мемлекеттік органдардың құзыреттері мен ведомствоаралық өзара іс-қимылды айқындайтын Заңмен<sup>1</sup> реттеледі.

Соңғы бес жылда Қазақстан Республикасының заңдарында балаларды кибербуллингтен қорғауға бағытталған нормалар енгізілді. Сондай-ақ «онлайн-платформа» және «жедел хабар алмасу сервисі» ұғымдары енгізіліп, онлайн-платформалар қызметін және Қазақстан аумағында онлайн-жарнаманы реттейтін Заң<sup>2</sup> бекітілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын (бұдан әрі – *Тұжырымдама*) бекітті. Тұжырымдаманың басым бағыттарының бірі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде цифрлық ортадағы қауіпсіздігін күшейтуге арналады.

Цифрлық этика мен жауапкершілікті дамыту жөніндегі мектеп бағдарламасы, оның ішінде жасанды интеллектіні дамыту аясында (*жасанды интеллектіні пайдалану шекараларын түсіну, манипуляциялар мен фейктерден қорғау*) жүйелі дайындық енгізілетін болады.

*Балалар психологиясына кері әсер ететін контентті шектеу бойынша:*

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, онлайн-ойындардағы балалар қауіпсіздігін күшейту бойынша онлайн-платформалармен консультациялар жүргізілуде.

*Анықтама: 2026 жылдың басынан бері онлайн-платформаларда онлайн-казино қызметі (13 806), есірткі құралдарын насихаттау (7 448), порнографияны тарату (6 034), суицидті насихаттау (172), кәмелетке толмағандарға зиян келтіретін ақпаратты орналастыру (119), зорлық-зомбылық культі фактілері бойынша 27 631 құқық бұзушылық анықталды. «Instagram» – 9 532, «ВКонтакте» – 8 503, «Telegram» – 3 018, «YouTube» – 3 340, «TikTok» – 2 820, «Facebook» – 269, «Мой мир» – 63, «X» – 41, «Одноклассники» – 25, «Threads» платформасында 20 құқық бұзушылық анықталды.*

Қазіргі уақытта онлайн-платформалар ата-аналарға жасөспірімдердің интернетті пайдалану уақытын шектеу бойынша функционалдық мүмкіндіктер ұсынады. Әлеуметтік желілер мен онлайн-ойындарда жас ерекшеліктеріне байланысты шектеулер енгізілген, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың гаджет пайдалану уақытын бақылау құралдары қолжетімді.

Мәселен «TikTok» онлайн-платформасының ішкі ережелеріне сәйкес, платформаны тек 13 жастан асқан пайдаланушылар қолдана алады, ал кейбір функциялар кәмелетке толмағандар үшін қолжетімсіз.

Бұдан бөлек, алдағы уақытта Мәдениет және ақпарат министрлігі онлайн-платформалар әкімшіліктерімен бірлесіп, заңға қайшы материалдарды жою және заңнамаға қайшы келетін әрі балалардың құқықтары мен мүдделерін бұзатын ақпараттың таралуына жол бермеуге бағытталған құқықтық нормаларды енгізу жұмыстарын уәкілетті органдармен бірлесе отырып жалғастыратын болады.

*Ғылыми-ағартушылық және тәрбиелік медиажобаларды қаржыландыру көлемін арттыру*

<sup>1</sup> «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі ҚРЗ  
<sup>2</sup> «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» 2023 жылғы 10 шілдедегі ҚРЗ

«Balapan» телеарнасы қазақ тіліндегі анимациялық туындыларды, балалар телехикаяларын, ғылыми-ағартушылық және тәрбиелік бағыттағы жобаларды көрермен назарына тұрақты түрде ұсынып келеді.

Сонымен қатар интернеттегі қауіп-қатерлер мен буллингтің алдын алуға арналған «Киберқауіпсіздік» мультхикаясы, ғылыми-ағартушылық бағыттағы «Ғылымға саяхат», «Негетай», «Кел, балалар оқылық!», «Зерттеуші Зейін», «Әлемді таны», «Қызық әлем» бағдарламалары ұсынылуда.

Тарихи тұлғаларға арналған «Сұлтан Бейбарыс», «Шоқан. Қашқария сапары», «Әл-Фараби», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Бала Бекзат» мультхикаялары көрсетілуде.

Биыл «Balapan» телеарнасына қосымша қаржы бөлінуіне байланысты «Balapan» телеарнасы жаңа жобаларға арналған питчинг өткізу жоспарлануда. Питчинг аясында балалар аудиториясына бағытталған түрлі жанрдағы жобалар қабылданады.

2025 жылы «100 кітап» жобасы аясында порталдың YouTube арнасында «Ұлт оқитын 100 кітап» атты 10 бағдарлама дайындалды. Соның бір шығарылымы аталған тізімге енген балалар жазушыларына арналды.

Жоғарыда көрсетілген шаралар онлайн кеңістікте балалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін жан-жақты қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді мемлекеттік саясат аясында жүзеге асырылады.

Білім алушылардың, педагогтердің және ата-аналардың цифрлық сауаттылығын арттыру, балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс Мемлекет басшысы жариялаған цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында жалғасатын болады.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**А. Балаева**